1. Super Freeze режимі қосылып тұрғанда мұздатқыш камерасында температураны реттеу мүмкін емес. Мұздатқыш камерадағы температураны реттеу үшін «K4» түймесін («-» температураны реттеу түймесі) немесе «K5» түймесін («+» температураны реттеу түймесі) басса, «D» индикаторы (Super Freeze режимі) жыпылықтай бастайды және бұл операцияны орындау мүмкін еместігін көрсететін сигнал шығады.
2. Super Freeze режимі мұздатылған тамақ өнімінің қоректік құндылығын сақтауға арналған. Ол өнімдерді қысқа мерзімде мұздатуға, сондай-ақ бір уақытта көптеген өнімдерді мұздатуға мүмкіндік береді. Бұл ретте Super Freeze режимі мұздатқыш камерасында біршама төмен температура орнатылып, оған тамақ өнімдері салынғанға дейін 24 сағ бұрын қосылуы керек. Super Freeze режимі арқылы мұздатқыш камерасында тамақ өнімдерін мұздату жылдамдығы артады, олардың нәрлілігі сақталып, сақтау ыңғайлы болады.
3. Super Freeze режимі 50 сағаттан кейін автоматты түрде өшеді. Содан кейін құрылғы бұрын орнатылған температура бойынша жұмыс істейді.

5 Күнделікті пайдалану

ЕСКЕРТУ

Құрылғы қуат көзінен ажыратылғаннан кейін оңтайлы температураға жету үшін 12 сағатқа дейін уақыт қажет болуы мүмкін.
Құрылғыны өшірмес бұрын барлық тамақ өнімін алып шығарыңыз.
Құрылғыны өшіру үшін электрлік қуат көзінің кабелін розеткадан суырыңыз.

Температураны реттеу

- Құрылғының ішіндегі температураға мынадай факторлар әсер етеді:
- қоршаған ортаның температурасы, есіктің ашылу жиілігі, сақталатын өнімдер саны, құрылғыны орнату.

Тоңазытқыш камерадағы температураны реттеу

- Тоңазытқыштың есігін ашып, басқару дисплейінің бұғаттан шығарғаннан кейін, тоңазытқыш камерасындағы температураны төмендету үшін температураны төмендету түймесі қолданылады. Түймені қысқа басқан сайын температура 1 °C-қа төмендейді. Ең төменгі рұқсат етілген температура — 1 °C.
- Тоңазытқыштың есігін ашып, басқару дисплейінің бұғаттан шығарғаннан кейін, температураны көтеру түймесі тоңазытқыш камерасындағы температураны жоғарылату үшін қолданылады. Түймені қысқа басқан сайын температура 1 °C-қа артады. Рұқсат етілген ең жоғары температура — 9 °C.
- Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрған кезде дисплейдегі температура белгішесі орнатылған температураны көрсетеді және жыпылықтайды. Басқару дисплейі орнатылған температураны 5 секундтан кейін автоматты түрде растайды. Орнату аяқталғаннан кейін тоңазытқыш біртіндеп нақты температурадан орнатылған температураға ауысады. Сондықтан нақты және белгіленген температура арасында біраз уақыт айырмашылық болуы мүмкін.

Электр қуатын үнемдеу бойынша кеңестер

- Құрылғының жеткілікті желдетілгеніне көз жеткізіңіз («ОРНАТУ» тарауын қараңыз).
- Құрылғыны тікелей күн сәулелеріне немесе жылу көздеріне (мысалы, пештер, жылытқыштар) жақын орнатпаңыз.
- Құрылғының ішіндегі температура шамадан тыс төмен болуына жол бермеңіз. Орнатылған температура неғұрлым төмен болса, энергия шығыны соғұрлым жоғары болады.
- Super Freeze сияқты режимдер көбірек қуат тұтынады.
- Құрылғыға жылы азық-түлікті салмас бұрын, оларды суытып алыңыз.
- Құрылғының есігін мүмкіндігінше аз және аз уақытқа ашыңыз.
- Ауа айналымына кедергі келтірмеу үшін тоңазытқышты шамадан тыс толтырмаңыз.
- Айналып жатқан ауа тамақ өнімдерінің қаптамасының ішіне кірмеуін қадағалаңыз.
- Есік дұрыс жабылуы үшін оның тығыздағышын таза ұстау керек.
- Мұздатылған тамақ өнімдерін тоңазытқыш камерасында ерітіңіз.
- Барынша энергия үнемдейтін конфигурацияда жылжымалы контейнерлер, тамақ өнімдеріне арналған контейнер және құрылғының сөрелері зауыттық орнату күйінде болуы, ал тамақ өнімдері ауа өткізгіштен ауа шығуына бөгет жасамай, одан мүмкіндігінше алыс орналасуы керек.

6 Күтім және тазалау

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тазалау алдында құрылғыны қуат көзінен ажырату керек.

Тазалау

Құрылғыны ішінде тамақ өнімдері жоқ немесе дерлік жоқ кезде тазалау керек. Қызмет көрсету және жағымсыз иістің пайда болуына жол бермеу үшін құрылғыны әр төрт апта сайын тазалау қажет.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыны тазалау үшін қатты немесе сым щеткаларды, кір жуатын ұнтақты, бензинді, амилацетатты, ацетонды және ұқсас органикалық еріткіштерді, сондай-ақ қышқыл немесе сілтілі еріткіштерді пайдаланбаңыз.
Тоңазытқышқа зақым келтірмеу үшін арнайы жуғыш заттың көмегімен тазалаңыз.
Тазалау кезінде құрылғыға су шашпаңыз немесе оған су құймаңыз.
Аспапты тазалау үшін су шаңын немесе буды пайдаланбаңыз.
Суық шыны сөрелерді ыстық сумен жууға болмайды. Температураның күрт көтерілуі әйнекте жарықтар тудыруы мүмкін.
Мұздатқыш бөліктің ішкі бетіне әсіресе ылғал қолыңызды тигізбеңіз, себебі қолдарыңыз мұндай бетке мұздап жабысып қалуы мүмкін.
Егер ерітілсе немесе температура жоғарыласа, мұздатылған өнімдердің күйін тексеріңіз.



- Есіктің нығыздағыш тығыздағышын әрдайым таза ұстау қажет.
- Құрылғының іші мен корпусын суға бейтарап жұғыш зат ерітіндісіне малынған губкамен шайыңыз.
  1. Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы бетін, есік стеллаждарын, шыны сөрелерді, қораптарды және т. б. қоса алғанда, жылы суға малынған (жылы суға бейтарап жуғыш құралды қосуға болады) жұмсақ сүлгімен немесе сорғышпен сүртіп алыңыз.
  2. Егер сұйықтық төгілсе, барлық ластанған бөліктерді алып тастаңыз, ағынды сумен жуыңыз, құрғатыңыз және кері тоңазытқышқа салыңыз.
  3. Егер қою сүт өнімдері (мысалы еріген кілегейлі балмұздақ) төгілген болса, барлық ластанған бөліктерін шығарыңыз, 40 °C шамасындағы жылы суға біраз уақытқа салып қойыңыз, ағынды сумен шайыңыз, кептіріңіз және қайта тоңазытқышқа орналастырыңыз.
  4. Егер кішкентай бөлшек немесе компонент тоңазытқыш ішінде (сөрелер немесе жәшіктер арасында) қыстырылып қалса, оны шығарып алу үшін жұмсақ кішкентай щетканы пайдаланыңыз. Егер бөлшекке қол жеткізе алмасаңыз, Haier сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Жуғыш затты жуып, жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- Құрылғының бөлшектерін ыдыс жуғыш машинада жууға болмайды.
- Құрылғыны қайта қоспас бұрын кем дегенде 5 минут күтіңіз, себебі жиі іске қосу компрессордың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Еріту

Тоңазытқыш пен мұздатқыш камераны жібіту автоматты түрде жүзеге асырылады, қолмен басқару қажет емес.

Жарықдиодты шамды ауыстыру

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жарықдиодты шамды өзіңіз ауыстырмаңыз, оны тек өндіруші немесе өндірушінің қызмет көрсету орталығының уәкілетті өкілі ауыстыруы керек.

Жарық көзі ретінде жарықдиод қолданылады, ол энергияны аз тұтынумен және ұзақ қызмет мерзімімен сипатталады. Егер шамдардың жұмысында қандай да бір ауытқу болса, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз. «КЛИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ» тарауын қар.

Шамның сипаттамалары:

Тоңазытқыш камерасы: 12 В, макс. 2 Вт
Мұздатқыш камерасы: 12 В макс 2 Вт

Құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбау

Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз және Holiday режимін қосқыңыз келмесе:
Тамақ өнімдерін шығарыңыз.
Электр қуат кабелін ажыратыңыз.
Құрылғыны жоғарыда сипатталғандай тазалаңыз.
Ішіндегі жағымсыз иістердің болдырмау үшін есіктерді жаппаңыз.

ЕСКЕРТУ

Құрылғыны аса қажет болған жағдайда ғана өшіріңіз.

Аспапты жылжыту

1. Барлық тамақ өнімін шығарып, ашаны розеткадан суырыңыз.
2. Тоңазытқыш пен мұздатқыштағы сөрелер мен басқа жылжымалы бөлшектерді жабысқақ таспамен бекітіңіз.
3. Салқындату жүйесіне зақым келтірмеу үшін тоңазытқышты 45°-тан артық еңкейтпеңіз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құрылғыны тұтқаларынан ұстап көтермеңіз.
Құрылғыны еденге ешқашан көлденең қоймаңыз.

7 Ақауларды іздеу және жою

Көптеген туындаған мәселелерді маманның қатысуынсыз дербес шешуге болады. Ақаулық туындаған жағдайда, клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласпас бұрын барлық аталған себептерді тексеріп, төмендегі нұсқауларды орындаңыз. «КЛИЕНТТЕРГЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ» тарауын қар.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Техникалық қызмет көрсетуді бастамас бұрын құрылғыны өшіріп, қуат кабелін электр желісінен ажыратыңыз.
- Электрлік құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, себебі, қате жөндеу біршама кейінгі салдарға себеп болуы мүмкін.
- Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған жабдықты тек өндіруші, өндірушінің сервистік орталығының өкілі немесе ұқсас біліктілікке ие маман ауыстыруы керек.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Компрессор жұмыс істемейді.	· Қуат көзінің ашасы розеткаға қосылмаған. · Құрылғы еріту циклінде тұр.	· Ашаны розеткаға салыңыз. · Бұл автоматты түрде еріту үшін қалыпты.
Құрылғы жиі қосылады немесе өте ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді.	· Ішіндегі немесе сыртындағы температура тым жоғары. · Құрылғы біраз уақыт бойы өшірулі болды. · Құрылғының есігі тығыз жабылмаған. · Есік тым жиі ашылып жүрді немесе ұзақ уақыт бойы ашық қалып отырды. · Мұздатқыш камерасында тым төмен температура орнатылған. · Есіктің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған. · Қажетті ауа айналымы қамтамасыз етілмеген.	· Бұл жағдайда құрылғының ұзақ жұмыс істеуі қалыпты саналады. · Әдетте құрылғыны толығымен салқындату үшін 8-ден 12 сағатқа дейін уақыт кетеді. · Есікті/жылжымалы контейнерді жабыңыз және құрылғының тегіс бетте орналасқандығына, сондай-ақ өнімдер мен контейнерлердің есікті жабуға кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. · Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі ашпаңыз. · Қанағаттанарлық температураға жеткенше тоңазытқышта жоғары температураны орнатыңыз. Тоңазытқыштың тұрақты температурасын қамтамасыз ету үшін 24 сағат қажет. · Есіктің/тартылатын контейнердің тығыздағышын тазалаңыз немесе клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып ауыстырыңыз. · Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Тоңазытқыштың ішкі бөлігі ластанған және (немесе) онда иіс шығады.	• Тоңазытқыштың ішкі бөлігін жуып-тазарту керек. • Тоңазытқышта иісі күшті тамақ өнімі сақталады.	• Тоңазытқыштың ішкі бетін тазалаңыз. • Өнімді мұқият ораңыз.
Құрылғының ішінде температура жеткілікті түрде төмен емес.	• Тым жоғары температура мәні орнатылған. • Тоңазытқышқа тым жылы тағамдар салынған. • Бір уақытта тым көп тамақ өнімі сақталады. • Тамақ өнімдері бір-біріне тым жақын орналастырылған. • Құрылғының есігі / тартылатын контейнері тығыз жабылмаған. • Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған.	• Температураны реттеңіз. • Тағамды тоңазытқышқа салар алдында әрқашан салқындатыңыз. • Тоңазытқышта тым көп тамақ өнімін сақтамаңыз. • Ауа ағынын қамтамасыз ету үшін өнімдер арасында бос орын қалдырыңыз. • Есікті/тартылатын контейнерді жабыңыз. • Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі ашпаңыз.
Құрылғының ішінде температура тым төмен.	• Тым төмен температура мәні орнатылған. • Super Freeze/Super Cool режимі қосулы немесе тым ұзақ жұмыс істеп жатыр.	• Температураны реттеңіз. • Super Freeze/Super Cool режимін өшіріңіз.
Тоңазытқыш камерасының ішкі беттерінде ылғал пайда болады.	• Климат тым жылы және ылғалды. • Құрылғының есігі / тартылатын контейнері тығыз жабылмаған. • Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған. • Тамақ өнімдеріне немесе сұйықтықтарға арналған контейнерлер ашық қалдырылған.	• Аса жоғары температураны орнатыңыз. • Есікті/тартылатын контейнерді жабыңыз. • Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі ашпаңыз. • Ыстық тағамдарды бөлме температурасына дейін суытыңыз, тамақ пен сұйықтық салынған контейнерлерді жабыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Тоңазытқыштың сыртқы бетінде немесе есіктер (есік) пен тартылатын контейнер арасында ылғал жиналады.	• Климат тым жылы және ылғалды. • Есік мықтап жабылмаған. Құрылғының ішіндегі суық ауа мен сыртындағы жылы ауаның әсерінен конденсат пайда болады.	• Бұл — ылғалды климатта қалыпты жағдай. Ылғалдылық төмендегенде, конденсация азаяды. • Есік / тартылатын контейнер тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.
Дисплей тоңазытқыштың жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді, бірақ салқындату болып жатқан жоқ.	• Құрылғы көрсету режимінде тұр.	• Құрылғының қандай режимде екеніне назар аударыңыз. Егер ол демо режимінде болса, бұл режимді өшіріңіз. Өшіру әдісі: тоңазытқышты қосқан соң 12 сағаттан кейін есікті ашыңыз, бұғатталған күйде оң жақтағы екінші түймені 8 секунд басып тұрыңыз.
Мұздатқыш камерасында қатты мұздану.	• Тағамдар тиісті түрде қапталмаған • Құрылғының есігі / тартылатын контейнері тығыз жабылмаған. • Есік/жылжымалы контейнер тым жиі ашылған немесе ұзақ уақыт бойы ашық тұрған. • Есіктің/контейнердің тығыздағышы ластанған, тозған, жарылған немесе біркелкі орнатылмаған. • Есіктің/жылжымалы контейнердің дұрыс жабылуына ішінен бір нәрсе кедергі келтіреді.	• Өнімдерді мұқият орыңыз. • Есікті/тартылатын контейнерді жабыңыз. • Есікті/жылжымалы контейнерді тым жиі ашпаңыз. • Есіктің/жылжымалы контейнердің тығыздағышын жуыңыз немесе ауыстырыңыз. • Есікті немесе контейнерді жабу үшін ішкі сөрелерді, есік сөрелерін немесе ішкі контейнерлерді қайта реттеңіз.
Корпустың бүйір жағы мен есік тақтасы қызады.	• -	• Бұл — қалыпты жағдай.
Пайдалану барысында құрылғы оған тән емес дыбыстар шығарады.	• Құрылғы тегіс емес жерде орналасқан. • Құрылғы жақын орналасқан қандай да бір затқа тиеді.	• Құрылғыны туралау үшін аяқтарды реттеңіз. • Заттарды тоңазытқыштан жылжытып қойыңыз.
Ағып жатқан судың дыбысына ұқсас әлсіз дыбыс естіледі.	• -	• Бұл — қалыпты жағдай.
Дыбыстық сигнал естіледі.	• Тоңазытқыштың есігі ашық.	• Есікті жабыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Әлсіз гуіл естіледі.	· Конденсаттың пайда болуынан қорғау жүйесі жұмыс істейді.	· Бұл конденсацияның пайда болуына жол бермейді және қалыпты жағдай.
Быжылдау	· Тоңазытқыш агент бүрку	· Бұл қалыпты жағдай.
Гуілдеу	· Желдеткіш қосылған	· Бұл қалыпты жағдай.
Ызылдау	· Жапқышты ашу немесе жабу	· Бұл қалыпты жағдай.
Ішкі жарықтандыру немесе салқындату жүйесі жұмыс істемейді.	· Қуат көзінің ашасы розеткаға қосылмаған. · Қуат көзі ақаулы. · Жарықдиодты шам істен шықты.	· Ашаны розеткаға салыңыз. · Орынжайға электр қуатын беруді тексеріңіз. Жергілікті электрэнергетикалық компанияға қоңырау шалыңыз. · Шамды ауыстыру үшін қолдау көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Электр қуатын беру кезіндегі үзілістер

Электр қуаты өшіп қалған жағдайда, өнімдер шамамен 18 сағат бойы кепілді түрде суық болып қала береді. Ұзақ уақыт бойы электр қуат көзін өшіру кезінде, әсіресе жазда, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- Есікті немесе тартылатын контейнерді мүмкіндігінше сирек ашыңыз.
- Егер электр энергиясын беру тоқтаса, құрылғыға қосымша тамақ өнімдері салынбайды.
- Электр энергиясын өшіру туралы алдын ала хабарландыру беріліп, ал электр энергиясын беруді тоқтату ұзақтығы 5 сағаттан асса, кішкене мұзды қатырып, оны тоңазытқыш камерасының жоғарғы бөлігіндегі контейнерге салыңыз.
- Энергия беру тоқтатыла салысымен тамақ өнімдерін тексеру қажет.
- Тоңазытқыштағы температура энергия беруді тоқтату немесе басқа іркілістер кезінде көтерілгеніне қарай, өнімдерді сақтау мерзімі мен тағамдық сапа төмендейді. Денсаулыққа қауіп төнбес үшін еріген өнімдерді тамаққа қолдану немесе пісіру керек. Қажет болған жағдайда көп ұзамай қайта мұздату қажет.

Электр энергиясын беруді тоқтатқан кездегі жад функциясы

Электр энергиясын беру қалпына келтірілгеннен кейін, құрылғы қуат көзі өшкенге дейін орнатылған баптаулармен жұмысын жалғастырады.

8 Орнату

Қаптамадан шығару

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Тоңазытқыш-мұздатқыш өте ауыр. Оны жылжыту үшін кем дегенде екі адам қажет.
- Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.
- Құрылғыны қаптамадан алыңыз.
- Барлық қаптау материалын алып тастаңыз.

Қоршаған орта жағдайлары

Орынжай температурасы әрдайым 10–43°C аралығында болуы керек, себебі бұл құрылғының ішіндегі температураға және оның энергия тұтынуына әсер етуі мүмкін. Құрылғыны оқшаулаусыз жылу шығаратын басқа құрылғылардың (тұмшапештердің, тоңазытқыштардың) жанына орнатпаңыз.

Кеңістікке қойылатын талаптар

Есік ашық болған кезде қажетті кеңістік (есік панелін есептемегенде)



Үлгісі	CBN517IDH	CBN519SD CBN519IDH
01 *	10 (мин.) / 30 (ұсынылады)	10 (мин.) / 30 (ұсынылады)
02	95° (ұсынылады)	95° (ұсынылады)
03	43	43
04	583	583
05	515	515
06	–3	–3
07	1060	1060

* 01: шкафтан құрылғының артқы қабырғасына дейін. (өлшем бірлігі: мм)

Құрылғының өлшемдері



Үлгісі	A (мм)	B (мм)	C (мм)	D (мм)	E (мм)	F (мм)	G (мм)
CBN517IDH	540±2	550±2	1772±2	970	745	662	618
CBN519SD CBN519IDH	540±2	550±2	1935±2	1133	745	662	618

ЕСКЕРТУ

- Көрсетілген энергия тұтыну шкаф пен құрылғының артқы қабырғасы арасындағы 10 мм саңылауды ескере отырып берілген. Құрылғы 10 мм-ден аз саңылау болса да дұрыс жұмыс істейді, бірақ ол сәл көбірек энергия тұтынады.
- Ілмектерінің қалыңдығы 20 мм-ден аз қалыңдығы 18 мм шкафты пайдалануға кеңес береміз.
- Кестеде келтірілген мәндер өлшеу әдісіне байланысты өзгеруі мүмкін.
- Құрылғыны ендіру тәртібін Орнату нұсқауларынан қар.

Желдетуге арналған саңылаулар

Құрылғының жеткілікті желдетілуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік мақсатында желдету саңылауларына қойылатын талаптарды сақтау қажет.





Шкафтың өлшемдері



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Кепілдік мына себептерден туындаған құрылғының қандай да бір ақаулығына қолданылмайды:
- 1. Желдеткіш саңылауларға, орнату орнына немесе шкафтың дұрыс емес өлшемдеріне қатысты ұсынымдарды сақтамау.
- 2. Шкафтың ақаулығы.
- 3. Құрылғыны орнату немесе пайдалану кезіндегі қателер.

Саңылаулар

Орнату орнына қойылатын талаптарды төмендегі суреттерден және кестелерден қараңыз.

Үлгісі		A (мм)	B (мм)	C (мм)	D (мм)	E (мм)	Ескерту
CBN517IDH	Мин.	50	400	560	1778	560	Ілмек: 17 мм
	Ұсынылатын мән			580	1780	562	
	Макс.			-	1782	568	
CBN519SD CBN519IDH	Мин.	50	400	560	1941	560	Ілмек: 17 мм
	Ұсынылатын мән			580	1943	562	
	Макс.			-	1945	568	

ЕСКЕРТУ

- Егер шкафтың ені 568 мм-ден асып кетсе, тығыздағыш (тоңазытқыш пен шкафтың арасындағы) босап кетуі мүмкін.
- Егер шкафтың биіктігі максималды мөлшерден асып кетсе (1782 мм), саңылауды толтыру үшін басқа әрлеу материалдарын қолдану қажет.



ЕСКЕРТУ

4 мм (03) саңылауды қажет ететін шкафты орнату үшін төмендегі анықтамалық кестені қар.

A: Желдету саңылауының үстіндегі алдыңғы панельдің төменгі жиегі
B: Алдыңғы панельдің шығыңқы бөлігі

Үлгісі	CBN517IDH	CBN519SD CBN519IDH
01	Мин. 1028 + B Макс. 1106 + B	Мин. 1191+B Макс. 1269 + B
02	Мин. 662+A Макс. 740+A	Мин. 662+A Макс. 740 + A
03	4 мм (тоңазытқыш пен мұздатқыш камера есіктерінің панельдері арасындағы саңылау)	

(өлшем бірлігі: мм)

Құрылғының қасбеттерінің максималды рұқсат етілген массасы



Құрылғының қасбеттерінің рұқсат етілген массасынан асып кету ілмектердің зақымдалуына және дұрыс жұмыс істемеуіне әкелуі мүмкін.

Салмағы (кг)	
1500–1750 мм	22
720–1400 мм	19
A1	15
A2	15

Розеткалардың орналасуын және орнату орнын есепке алу



ЕСКЕРТУ

Тоңазытқышты тереңдігі 560 мм шкафқа орнатсаңыз, электрлік қуат көзінің кабелін розеткаға қоспас бұрын, оның тоңазытқыштың бүйірінде орналасқанына көз жеткізіңіз. Электрлік қуат көзінің кабелін тоңазытқыштың артқы жағына орналастыру электр қуатын көбірек тұтынуға әкелуі мүмкін.

Қосар алдында ұстау уақыты



Компрессордың корпусында автоматты майлауға арналған май бар. Бұл май көлбеу тасымалдау кезінде түтіктер арқылы ағып кетуі мүмкін. Құрылғыны қуат көзіне қоспай тұрып, майдың қаптамаға қайтуы үшін кемінде 2 сағат күту керек.

Қуаттау желісіне қосылуы

Әр қосылым алдында келесілерді тексеріңіз:
- қуат көзінің, розетканың параметрлері және сақтандырғыш зауыттық тақтайшада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді;
- қуат көзінің розеткасы розетка блогының немесе ұзартқыштың бөлігі емес және жерге тұйықталған;
- аша мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.

Ашаны дұрыс орнатылған розеткаға салыңыз.

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Зақымдалған электр қуаті кабелін клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласу арқылы ауыстыру қажет.

9 Техникалық сипаттамалары

Техникалық парақ

Дайындаушының тауар белгісі	Candy		
Үлгінің атауы	CBN517IDH	CBN519SD	CBN519IDH
Тоңазытқыш аспабының санаты	7 (Тоңазытқыш-мұздатқыш)		
Энергетикалық тиімділік класы	A+	A	A+
Электр энергиясын жылдық тұтыну AEc (кВт·сағ/жыл) (1)	240	345	245
Жалпы көлемі (л)	238	270	270
Жаңа тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімнің пайдалы көлемі (л)	177	209	209
Мұздатылған тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімнің пайдалы көлемі (л)	61	61	61
Тоңазыту класы	****	****	****
Жаңа піскен/мұздатылған тамақ өнімдерін сақтауға арналған бөлімнің «қырау түзусіз» жүйесінің болуы (Total No Frost)	Иә	Иә	Иә
Мұздатқыш камераның өнімділігі (мұздату қабілеті) тәулігіне (кг/24 сағ)	8	5	8
Климаттық класы (2)	SN/N/ST/T	SN/N/ST	SN/N/ST/T
1 пВт кезінде түзетілген дыбыс қуатының деңгейі, дБа (тірек дыбыс қуаты) (3)	35	35	35
Энергияны қауіпсіз өшіру мәні (температураның көтерілу уақыты), (сағ)	12	12	12
Аспап типі	Кіріктірілетін		
Қуат сымының ұзындығы (м)	2,27		
A (A.14) СТБ 2475-2016 қосымшасына сәйкес «басқа бөлімдердің» есептік температурасы	-	-	-
Компрессор типі	Инвертор	Стандартты	Инвертор
Қасбеттерді бекіту типі	жылжымалы бағыттауыштар		

Түсініктемелер:

(1) 24 сағат бойы жүргізілетін стандартты сынақтың нәтижелеріне негізделген. Нақты энергияны тұтыну тоңазытқыш аспаптың қалай қолданылатынына және орналасқан жеріне байланысты болады.

(2) SN климаттық класы: құрылғы +10 °C-тан +32 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған
N климаттық класы: құрылғы +16 °C-тан +32 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған
ST климаттық класы: құрылғы +16 °C-тан +38 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған
T климаттық класы: құрылғы +16 °C-тан +43 °C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған

(3) Дыбыс қысымы бойынша шу көздерінің дыбыс қуаты мен дыбыс энергиясының деңгейлерін анықтау ГОСТ Р ИСО 3744-2013

Қосымша техникалық сипаттамалар

Номинал кернеу/жиілік	220-240 В / 50 Гц
Номиналды ток (А)	1,3
Номиналды сақтандырғыш тогы (А)	16
Тоңазытқыш агент	R600a (42г)
Өлшемдері (Б/Е/Т, мм)	CBN517IDH: 1772/540/550
	CBN519SD, CBN519IDH: 1935/540/550
Таза салмағы (кг)	CBN517IDH: 57
	CBN519SD, CBN519IDH: 60

10 Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз компанияның клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» тарауын оқып шығыңыз.

Мәселенің шешімін таба алмасаңыз, мыналарға жүгініңіз:
— ресми дилеріңізге немесе
— біздің колл-орталыққа:
8-800-070-03-29 (ҚР),
— https://haieronline.kz веб-сайтына, онда сіз қызметке сұрау сала аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің сервистік орталыққа хабарласқанда паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сатылған күні_____

Сондай-ақ кепілдік пен сатылғаны туралы құжаттардың бар-жоғын тексеріңіз.

Маңызды! Құрылғыда сериялық нөмірдің болмауы Өндірушіге құрылғыны сәйкестендіруді және соның салдарынан оның кепілдік қызметін көрсетуді мүмкін емес етеді.
Құрылғыдан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.
Өндіруші қосымша ескертусіз құрылғы конструкциясы мен жиынтықтамасына өзгерістер енгізу құқығына өзіне қалдырады.

Құрылғыны қаптамасында көрсетілген манипуляциялық белгілерге сәйкес зауыт қаптамасында тасымалдау және сақтау қажет.
Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.
Тасымалдау және сақтау шарттары құрылғыны атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауды қамтамасыз етуі керек.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді:
Сәйкестік сертификаты № ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.43079/25 18.09.2025 бастап 17.09.2030 дейін әрекет етеді;
Сәйкестік туралы декларация № ЕАЭС N RU Д-CN.РА08.В.83561/25 01.10.2025 бастап 30.09.2030 дейін жарамды.
Толығырақ мәліметтер Еуразиялық экономикалық одақтың берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

11 Кепілдік шарттары

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіріп, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауардың) жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс істеуіне кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған бұйымдарға берілетін ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештер, теледидарлар — бұйымды соңғы тұтынушыға берілген күннен бастап 5 жыл; роботы-шаңсорғыштар, шаңсорғыштар — 4 жыл; кіші тұрмыстық техника — 3 жыл, қалған бұйымдар — 7 жыл. Бұйымдардың жоғары сапасын ескере отырып, олардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін және ұқыпты әрі мұқият қарасаңыз, олар сізге көптеген жылдар бойы қызмет етеді.

Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы Заң негізінде дайындаушы тұтынушыға бұйымды мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттенбейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елеулі кемшіліктер үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін сіз бұйымға қосымша ақыға диагностикалық жұмыстарды жүргізу, кәдеге жарату жөнінде ақпарат алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіне аласыз.

Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін сізден сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүккұжаттар, кепілдік талон) қызмет мерзімі бойы сақтауды сұраймыз.

Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды (қосылуды), бұйымға қоса берілетін пайдалану құжаттамасына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді талап етсе, Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну қажет.

Газды пайдаланатын жабдықты (өнімдерді) монтаждау (қосу) және мерзімді техникалық қызмет көрсетуді тек қана ұлттық заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес келетін мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Механикалық, термиялық және электрлік зақымданулардың пайда болуына жол бермеу үшін бұйымға тұрақты техникалық қызмет көрсетуді пайдалану жағдайларына қарай жылына кемінде бір рет кезеңділікпен Авторландырылған сервистік орталықта жүргізу ұсынылады, бұл бұйымның жоғары өнімділігін сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ оның нақты қызмет ету мерзімін арттырады. Ластануы (шаң, кір, жүн, түк) себебінен бұйымның істен шығуы кепілді емес жағдай болып танылады және тек тұтынушының есебінен ғана жойылуы тиіс.

Бұйымға мерзімді техникалық қызмет көрсетуді Авторландырылған сервистік орталық қосымша ақыға жүргізеді.

Haier корпорациясы төменде көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік қызмет көрсету шарттары

Haier Корпорациясы тауар тұтынушыға табысталған күннен бастап 12 ай кепілдік мерзімді орнатады. Кепілдікті қызмет көрсету тауарды сату кезінде оған қоса берілетін құжаттармен (тауарлық немесе кассалық чек, пайдалану құжаттамасы, жүккұжаттар, кепілдік талон) жинақталған, тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тауарларға ғана қолданылады. Бұйымда сериялық нөмірдің болмауы (егер оны дайындаушы көздеген жағдайда) оны сәйкестендіруге және соның салдарынан оған кепілдік қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бұйымнан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың, кепілдік пломбалардың

зақымдануы немесе болмауы (егер олардың болуын дайындаушы көздеген жағдайда) кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Кепілдік бойынша тек Авторландырылған Candy сервистік орталықтары қызмет көрсетеді. Авторланған сервистік орталықтардың толық тізімін мына телефондар арқылы Candy ақпараттық орталығынан ала аласыз:

8-800-070-03-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе сайтта: https://haieronline.kz/ немесе келесі электрондық пошта арқылы сұрату жасап біле аласыз: support-kz@haieronline.kz. Авторланған сервистік орталықтардың деректері өзгеруі мүмкін, анықтау үшін Candy ақпараттық орталығына жүгініңіз.

Кепілдікті қызмет көрсету келесілердің салдарынан ақау пайда болған бұйымдарға көрсетілмейді:

— тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау жағдайлары мен ережелерін бұзуы;

— бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;

— тоңазытқыш сұлбамен жұмыстар технологияларын және электрлік қосылуларды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға құжатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;

— пайдалану бойынша құжаттама талап еткен жағдайда бұйымға уақытылы техникалық қызмет көрсетпеу;

— су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;

— бұл бұйым типіне жарамайтын жуғыш құралдар қолдану, сонымен қатар жуғыш құралдардың кеңес берілген мөлшерін асырудан.

— бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;

— үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкілеттігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе дайындаушы рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістерді енгізуі;

— қорек желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқығаннан;

— еңсерілмейтін күш әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т. б.);

— жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері, оның ішінде бұйымның механикалық зақымдануы;

— бұйымның ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің, жәндіктердің тіршілік қызметі қалдықтарының түсуі;

— су жылытқыштың толтырылмаған/ толық толтырылмаған бағының іске қосылуының салдарынан термоқорғаудың іске қосылуы;

— сымды/сымсыз желісінің тұрақсыз байланысы және тұрақсыз телефон желілері, сапасыз жерге тұйықтау, сыртқы электрмагниттік өрістер, тікелей күн сәулесінің әсері, жоғары ылғалдылық және діріл;

— бағдарламалық жасақтама мен вирустық (зиянды) бағдарламалық жасақтаманың үйлесімсіздігі, сондай-ақ ендірілген бағдарламалық жасақтаманы өз бетінше түрлендіру, сондай-ақ үшінші тарап бағдарламалық жасақтамасын пайдалану;

— бүкіл құрылғының немесе оның бір бөлігінің істен шығуына әкелген сыртқы құрылғылардың қосылуы;

— табиғи нашарлау (ескіру), соның ішінде тіркемелер, дискеталар, нұсқаулықтар, сондай-ақ аккумуляторлық блоктың сыйымдылығының төмендеуі;

— стандартты емес және (немесе) сапасыз шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін және/немесе әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды пайдалану.

Кепілдік бойынша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне қолданылмайды:

— бұйымды пайдаланатын жерде орнату, баптау және қосу;

— тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқау және кеңес беруге;

— бұйымды сыртынан немесе ішінен тазартуға;

— тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде бүлінген операциялық жүйені (зауыттық "тігілмені") қайта орнату.

Төменде аталған шығын материалдары мен аксессуарларға кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді:

— кондиционерлерге арналған сүзгілер;

— кір және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілерге, суды жеткізу/ағызуға арналған құбыршектерге;

— шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, шөткелер, саптамалар, шаң жинағыштар, сүзгілер;

— микротолқынды пештерге арналған тәрелкелер, істекшелер, торлар, табақшалар және қойғыштар;

— сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, тартпалар, бұйым қойғыштар және тоңазытқышта азық-түлік сақтауға арналған басқа ыдыстар;

— басқару пульттері, аккумулятор батареялары, қуат беру элементтері, сыртқы қуат беру блоктары және зарядтау құрылғылары;

— бұйымға қосымша тіркелетін құжаттама.

12 Орнату жөніндегі нұсқаулық

Құралдар тізімі





Желдету саңылауының көлденең қимасының ең аз ауданына қойылатын талаптар.



Саңылаудың өлшемдерін өлшеңіз, сонымен қатар тоңазытқышты орнату үшін тауашаның деңгейі мен вертикалдылығын тексеріңіз.

1 **Есіктің ашылу бағытын сол жақтан оң жаққа өзгертіңіз.**



1.1



Барлық ілмектердегі бұрандаларды босатыңыз.

1.2



Есікті алыңыз.

1.3



Ілмекті алыңыз.

1.4



Осьтің аралық төлкесін қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.

1.5



Барлық ілмектерді алып тастаңыз және оларды суретте көрсетілген күйлерге орнатыңыз.

1.6



Тоңазытқыш есігінің астындағы ілмекті алыңыз.

1.7



Ілмекті жоғарғы оң жақ бұрышқа орнатыңыз.

1.8



Бұрандаларды қатайтыңыз.

1.9



Ілмекті алыңыз.

1.10



Есікті алыңыз.

1.11



Осьтің аралық төлкесін қарама-қарсы жаққа орнатыңыз.

1.12



Бұрандаларды қатайтыңыз.

1.13



Есікті орнатыңыз.

1.14



Төменгі ілмекті алып тастап, оны суретте көрсетілген күйге қойыңыз.

2 **Тоңазытқышты тауашаға орнату кезеңдері.**



2.1



Монтаждау кронштейнін орнатыңыз.

2.2



Аралықтарды жабыстырыңыз.

2.3



Кеуекті тығыздағышты жабыстырыңыз.

2.4



Бекіткіш жинағы мен тереңдікті шектегішті бөліңіз.

2.5



Тереңдікті шектегішті тауашаның еденіне сол және оң жақтан орнатыңыз. Оны бұрандалармен бекітіңіз.

2.6



Тереңдік шектегіштің екі жағындағы жиектердегі бағыттауыштарды алыңыз.

2.7



2.8



Розетканы тауашаның үстіне қойғанда, сымды ашаға бекітіңіз.

2.9



Тоңазытқышты тауашаға орнатыңыз.

2.10



Реттелетін аяқтар тереңдікті шектегіштің ойықтарына тірелуі керек. Тереңдікті шектегіштің алдыңғы бағыттауышын алыңыз.

2.11



Маңдайшаның ортаңғы кронштейнін бұрандаларды мықтап тартпай тоңазытқышқа бұраңыз.

2.12



Кронштейнді қара көрсеткі бағытында орнына қойыңыз.

2.13



Кронштейнді бұрандалармен бекітіңіз.

2.14



Ілмектің ортаңғы кронштейнін бұрандаларды мықтап тартпай тоңазытқышқа бұраңыз.

2.15



Кронштейнді қара көрсеткі бағытында орнына қойыңыз.

2.16



Кронштейнді бұрандалармен бекітіңіз.

2.17



Реттелетін аяқтар қажет болған жағдайда тоңазытқыштың еңкею бұрышын және үстіңгі жағындағы саңылауды өзгертуге мүмкіндік береді.

2.18



Реттелетін аяқтарды екі жағынан бұраңыз.

2.19



Маңдайшаның ортаңғы кронштейнін тауашаның бүйір қабырғасына бұраңыз.

2.20



Бағыттауышты алыңыз.

2.21



Қақпақпен жабыңыз.

2.22



Ілмектің ортаңғы кронштейнін ілмектер жағындағы тауашаның бүйір қабырғасына бұраңыз.

2.23



Бағыттауышты алыңыз.

2.24



Қақпақпен жабыңыз.

2.25



Монтаждау кронштейнін бұрандалармен бекітіңіз.

2.26



Қақпақты бекітіңіз.

3 Есік панелін бекіту



3.1



Есіктің бүйірлік жағындағы бұрандаларды босатыңыз. Оларды толығымен бұрап алмаңыз.

3.2



Бағыттауыш тақтайшаны ол бұранда тесіктеріне сәйкес келетіндей етіп салыңыз.

3.3



Сырғымалы бөлікті бағыттауыш тақтайшаға салыңыз.
Оны бекіту үшін жылжымалы бөліктің негізін басыңыз.
Тақтайшаның жылжымалы бөлігінің шеті панельдің бүйір жиегіне тығыз жанасатындай етіп құрылғының есігін басыңыз.

4 Орнатуға арналған аксессуарлар



4.1



4.2



4.3



4.4



4.5



4.6



4.7



CANDY

RU

Изготовитель:
«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР» 121099, г. Москва, Новинский бульвар, д. 8, этаж 16, офис 1601

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа»,
050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Гарантийный срок и дата изготовления указаны на этикетке устройства.

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:
«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС,
050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Кепілдік мерзімі мен шығарылған күні құрылғының жапсырмасында көрсетілген.

Қытайда жасалған